

№1 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы



«Ата салтым – асыл қазынам»
Тәрбиелік іс-шара

**Тәрбиешілер: Шонтыбаева А.Е.
Узакбаева А.А.**

2023-2024 оқу жылы

«Ата салтым – асыл қазынам»

Мақсаты: Қазақтың салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту, балалардың сөздік қорын, есте сақтау, танымдық қабілеттерін дамыту, үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, қазақтың салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Барысы: Тәрбиеші:

Ардақта дәстүрінді, салтынды елім

Мереке басы болсын берекенің

Сәнге толы қазағымның дәстүрлері

Сан ғасырдың ашылып тұр тұғыры-дей отырып, «Ата салтым – асыл қазынам» атты ашық тәрбие сағатына қош келдіңіздер.

Балалар: Ата салтым – асыл мұрам, ардағым

Бабалардың жалғастырар арманын

Сан ғасырда қалпын бұзбас қадірім

Өткенімді бүгінменен жалғадым.

Тәрбиеші: Балалар, біз егеменді еліміздің болашағын қалыптастыру үшін халқымыздың ғасырдан- ғасырға жалғасып келе жатқан салт - дәстүрлерін білуіміз керек. Мен сендерге осы салт-дәстүрлерді таныстырсақ.

1. **Шілдехана:** Бұл дүниеге жаңа келген нәрестенің құрметіне жасалатын ойын - сауық той.

2. **Қырқынан шығару:** 1. Егерұл бала болса, 37 – 39 күнде шығару керек.

2. **Қыз баланы 40 күннен асырып,** 42 – 44 күн толғанда шығару.

3. **Баланы шомылдыру:** 1. Ыдысқа 40 қасық су құйып, оған күміс теңгелер салып, шомылдырады.

4. **Сүт тырнағын алу.** Тырнағын алған соң оны адам баспайтын жерге апарып көміп тастайды.

5. **Қарын шашын алу:** Шашты шүберекке түйіп, тұмарша етіп тігіп, баланың оң жақ иығына қадайды.

3. **Бесікке салу салты:**

1. Бесіктің жабдықтарын салады.

2. Адыраспан түтінімен бесікті аластайды

3. Тыштырма ырымын жасайды.

4. Баланы бесікке бөлеген соң бесіктің үстіне 7 түрлі нәрсе қояды.

4. **Тұсаукесер:** Сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген ниетпен жасалады.

5. **Ат қою:** Қазақ халқы жаңа туған сәбиге жақсы есімдер мен әйгілі адамдардың атын қойған.

6. **Байғазы:** Балалардың жаңа киімі, жаңа заты үшін берілетін ақшалай, заттай сыйлық.

7. **Тілашар:** Баласы 7 жасқа толғанда балаға жаңа киімдер кигізіп, оқу жабдықтарын дайындап шағын той өткізеді.

8. **Асату:** Ет желініп болған соң төрде отырған ақсақал аталар табақта қалған етті жас балалар, жігіттерге асатады.

9. **Ерулік:** Басқа жерден көшіп келген көршілерге сол жерде бұрыннан тұрып жатқандар ерулік береді, яғни қонаққа шақырады.

10. Енші: Балалар ер жетіп, жеке үй болғанда ата – анасы дүние-мүлік мал беріп, отау тігіп жеке шығарады.

11.Сыбаға: Құрметті қонақтарға немесе өздерінің жақындарына сақтаған кәделі ет мүшелерін береді.

Балалар хормен:

Ана сүтін ақтаймыз

Ата салтын сақтаймыз.

Тәрбиеші: Шашу шашу шашайық

Ақ сандықты ашайық

Бұл мереке бұл тойда

Керемет дәстүр жасайық. Балалар, қазақ халқының әртүрлі дәстүрлері бар, бұл халықтық мерекенің үлкен мәні бар. Біз бүгін сол дәстүрлердің бірі «тұсау кесу» дәстүрімен танысамыз. Тұсау кесу рәсімі сәбиді қаз тұрғаннан кейін, жылдам жүріп кетсін деген тілекпен жасалған ырым. Тұсауды көбіне тез, шапшаң жүретін үлкен кісіге кестіреді. Ол үшін алдын ала жіп дайындайды. Тұсау кесудің жібін дайындаудың бірнеше түрлері, жолдары бар. Олар:

-Көбейіп, көгере берсін деп шөптен есіп жасаған.

-Бай болсын деп малдың тоқ ішегінен де өреді.

-Адал болсын деп ала жіпті есіп жасаған.

Көрініс:«Әжесі мен немерелері»

(Әже ұршықпен жіп иіріп отырады)

Немересі: (даладан жүгіріп келеді)

-Әже, әже, не істеп отырсыз?

Әжесі: Е, балам, мынау ұршық деген болады. Жіп иіріп отырмын, саған шұлық тоқимын. Аязды күндер алдымызда ғой.

Немересі: Әжетай ,Сүйінші деген не?

Әжесі: Сүйінші қазақ халқының жақсы дәстүрлерінің бірі. Қуанышты хабар болғанда, туған-туыс, дос-жаран бір-бірінен сүйінші сұрап, мәз-мейрам болып жатады.

Немересі: Әже, тұсау кесу деген не?

(Ортаға әже мен екі келін немересімен шығады. Жерге ұзын ақ мата төсеп, тұсау кесу рәсіміне дайындалады. Екі келін сәбидің екі жағынан ұстап, әжеге келеді.)

Әже: Қаз-қаз балам, қаз балам,

Қадам бассан мәз болам.

Күрмеуінді шешейін,

Тұсауыңды кесейін, - деп әже немересінің тұсауын кеседі. (Жеңгелері баланы қаз-қаз басқан сәбиді жүргізіп жіберіп, тілек айтады.)

1-жеңге: Тұсауың кесілді құлама,

Тізенді жаралап жылама,

Құлындай құлдырап жүгірші,

Кәнекей өзінді сына да.

Әже: Қаз-қаз балам, қаз балам,

Қадам бассан мәз болам,

Күрмеуінді шешейін,

Тұсауыңды кесейін, - деп әже немересінің тұсауын кеседі.

Жеңгесі тілек айтады.

Ұзақ болсын иншалла өмірің,
Тасысын шаттықтан көңілің.
Жарқырап күн санап өсе бер,
Жарқылдап семсердей сенімің.

(Әже немересінің қаз-қаз басқанына қуанып шашу шашады, отырған балалар шашу жинайды. (Бауырсақ әкеліп таныстыру.)

Тәрбиеші: Тәй-тәй басқан, таудай асқан баламыздың тұсауы кесіліп, болашағына жол ашқандай күй кешудеміз. Тұсауы кесілген кішкентай азаматымыздың өмірі қуанышқа, көңілі жырға бөленіп жүрсін! Жүрегі шуақты болсын, білегі қуатты болсын! – дегім келеді. **Тәрбиеші:** Енді балалар, батамен ел көгерер, үлкен кісілерден бата беруін сұрайық.

Ата: Сұрасаң бата берейін,
Үстем болсын мерейің,
Балам, балам, батыл бол!
Жауғаша бар батыр бол!
Жамандықтан аулақ қаш,
Жақсыларға жақын бол!
Әумин!!!

Тәрбиеші: Ей балалар, балалар!

Енді маған қараңдар!
Дәстүрді ары жалғайық,

Қызық ойын ойнайық! – деп мерекеде түрлі ұлттық ойындар ойналады екен, біз де қарап қалмадық.

Ұлттық ойын: «Бес табан»

Алаңға көмбе сызығы сызылады. Осы жерге әр бала 10-15см аралығында 2 топайдан тігеді. Көмбе сызығынан бес табан өлшеніп сызық сызылады. Бұл бес табан сызығы болады. Бес табан сызығынан 3 метр қашықтықта атыс сызығы сызылады. Осы сызықтан балалар кезек-кезек көмбедегі топайды қатты құлаштап атып, тігілген кенейлерді көмбедегі сызықтан әрі қарай 5 табан сызығынан шығаруы керек. (сүрет №2) Ойыншылар екіге бөлініп сақаларын иіріп ату кезегін анықтап алады, содан кейін атуды бастайды. Көмбеден шыққан топай атқан баланікі болып есептеледі. Егер ол көмбеден шығара алмаса, сақа тиген топай қайта тігіледі де келесі бала атады. Ойын осылайша жалғаса береді. Ең көп топай жинаған бала жеңімпаз болып табылады.

«Сөздің көркі –мақал»деген ұғым бар. Біздің ойынымыз қыза түскен тәрізді. Мақалдап сөйлеу жарысына да кезек берейік(Балалар айтады)

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» демекші салтын сүйген әрбір жас ұрпақ болашақта халқын сүйетін еліне адал қызмет ететін, тілінің салт – дәстүрінің жанашыры болатындығына сенімдімін.

Ән: «Қазақы дастархан»

«Орамал тон болмайды, жол болады» демекші, тойдан тобықтай деп тобымыздың сыйлығын таратамыз, қабыл алыңыз.

